## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 шілдедегі N 711 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 - 2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 44, 559-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005 - 2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

"Кәсіби білім беру" деген 4-бөлімнің реттік нөмірі 32-жолының 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін Қазақстанның 3 мың азаматын озық шетелдік жоғары оқу орындарына жіберу";

"Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық орталығы" деген 7-бөлімде:

реттік нөмірі 64-жол алынып тасталсын;

"Жиыны:" деген жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"148 735,2
2005 ж. - 41 392,7
2006 ж. - 53 497,3
2007 ж. - 53 845,2
89 530,4
2005 ж. - 23 370,3
2006 ж. - 34 020
2007 ж. - 32 140,1
59 204,8
2005 ж. - 18 022,4
2006 ж. - 19 477,3
2007 ж. - 21 705,1".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК